

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының  
«Жанатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорында  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау бойынша**

**ХАТТАМА**

**22.04.2026 ж.**

**Жанатас қ.**  
Басталуы: 11/00;

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жанатас көпсалалы колледжі» МКҚК – ның интернет-ресурсында аудан тұрғындарына, қоғамдық тыңдауға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды талқылауға қатысуға мүмкіндік беру мақсатында жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлама орналастырылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша;
- Мемлекеттік қызметтер көрсету;
- Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- Бақылау текесеру функцияларын іске асыру;
- Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- Ұйымдастыру басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2025 жылдың 1 маусым айынан – 2025 жылдың 31 желтоқсан айы аралығы және 2026 жылдың 1 қаңтар айынан – 30 сәуір айы аралығына дейін қамтылды.

Талқылауға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы анықтама жобасы ұсынылды. Баяндаманы комплаенс-қызметінің офицері А.Байтанова оқыды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің соңғы мерзімі 2026 жылдың 27 сәуір айына дейін. Жұмыс тобының әрбір мүшесі толықтырулар мен түзетулер енгізуге, сондай-ақ келіп түскен ескертулер мен жаңадан анықталған тәуекелдерді есепке алуға құқылы.

**Тыңдау қорытындысы бойынша шешілді:**

- Талдау жүргізу мерзімі аяқталғаннан кейін, Жамбыл облысы білім басқармасының 2026 жылғы 30 қаңтар айындағы № 60/1 – Ө бұйрығы бойынша талдау жүргізу кестесіне сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамаға қол қойылсын.
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс шаралар жоспары 2026 жылдың 30 сәуір айына дейін әзірленсін.
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспары 2026 жылдың 2 мамыр айына дейін интернет – ресурсқа орналастырылсын.

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты дайындау арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша мониторингтеу (талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде).
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі жасалынып, тізілім Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына, қала әкімінің аппаратындағы Әдеп жөніндегі уәкілге жинақтау үшін жолданып.
- Сыбайлас жемқорлық картограммасы жүргізілсін.





Директор

 Н.Туйтебасва

Комплаенс офицер

 А.Байтанова

Таныстырылды:

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Коданов 
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Койлыбекова 
3. Кадр бөлімінің меңгерушісі Г.Аінеқова 
4. Бас еметші А.Тойшыбаева 
5. Мемлекеттік сатып алу менеджері Г.Есжанова 